

Хаттама №2

5 қараша, 2021 жыл

Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені КММ қамқоршылық кеңесінің отырысы

Қатысқандар: 9 адам, қатыспаған 2.

Күн тәртібінде:

1. Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешенінің директоры бос лауазымына үміткер Г.К.Шакенованың перспективалық жоспарын қарау, танысу.
2. Облыстық Білім Басқармасына ұсыным беру.

Кеңес төрайымы Нургалиева Әсел Талғатовна отырысты ашып, күн тәртібімен таныстырды. Тыңдалды:

Г.К.Шакенова даму жоспарымен таныстырды:

Мемлекеттік бос орын лауазымына үміткер ретінде мектепті басқару құрылымынан бастап, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға дейін жасалған жоспарымда: педагогтарды кәсіби дамыту, оқыту мен оқу әдістерін жетілдіру, оқу сапалылығын қамтамасыз ету, оқушылардың денсаулығын қорғау және нығайту, басқару мен көшбасшылықты нығайту, оқушылар бойына ұлттық мәдениет пен салт-дәстүр қалыптастыру, мектепте коммуникацияны дамыту мәселелерін қамтыдым. Соның ішінде өзекті болып тұрған мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынасты жетілдіру, қоңырау үнін қазақ күйлерімен ауыстыру, сурдолог және афтальмотолог мамандарын алу арқылы медициналық қызметті толықтыру; тыныштық минутына арналған бөлме немесе бұрыш дайындау; емдік фитошайлармен қоса, балаларға оттегі коктейлін беру, жас мамандарды қолдау; класс және ойын бөлмелерін дидактикалық материалдармен толықтыру; интернатты күрделі жөндеуден өткізу, мектеп ауласынан балалар демалатын жер дайындау, плиткалар төсеу, футбол алаңын заманауи етіп жасау; коммуникацияны дамыту үшін мектепке және интернатқа интернет жүйесі керек. Осы уақыт аралығында түрлі еңбек өтілінен өттім. 30 жыл еңбек еткен шаңыраққа қызмет еткім келеді. Педагогикалық жетістіктерім бар. Білім басқармасынан алған Құрмет Грамотам, Алғыс хаттарым бар, бұның барлығы жай нәрсе емес, бұл - менің осы мектепте сіңірген еңбегімнің нәтижесі деп білемін.

Сұрақтар қойылды:

Акимов С.К.: Басшы болатын адамға шыншыл болу қажет пе?

Шакенова Г.: Әрине, әділ, шыншыл болу – басшыда болу керек басты қасиеттердің бірі.

Акимов С.: Осыған дейін бір жағдай орын алғанын білеміз. Өткен оқу жылында қамқоршылық кеңес құрамында болдым. Тамыз айында бізге Н.Суликанова телефон арқылы хабарласып, қамқоршылық кеңестің жалған хаттамасын дайындап, біздің қолымызды қойып, жалған құжат дайындалғанына қалай қарайсыз?

Шакенова Г.: Ол жағдайға сіздің қатысыңыз болғандықтан, орынды сұрақ қойып отырсыз. Бұл факт бойынша уақытында облыстық білім басқармасынан арнайы комиссия келіп, тексеріс болды. Бұған қатысты сол уақыттағы директордың міндетін атқарушы Суликанова Н.Ж. өзі тікелей жауап беріп, тиісті жазасын алды, директордың бейіні бойынша орынбасары қызметінен алынып, сөгіс берілді.

Жангелдина Ж.Қ.: Бұл жағдайды мен айтып кетейін. Тамыз айында Шакенова Г.К. екі апта директорлық лауазымында болып, орын алған заңсыздықтардың нәтижесінде облыстық білім басқармасының шешімімен қызметінен босатылды. Директордың міндетін атқарушы Н.Ж. Суликанова Г.Шакенованы директорлыққа ұсынып, қамқоршылық кеңестің жалған хаттамасын дайындап, маған мектептің жоспары деп өтірік айтып, қол қойдырып алды. Қалған кеңес мүшелеріне телефонмен хабарласып, сыртынан қол қойып жіберген. Екі аптадан кейін

Н.Суликанова маған хабарласып, «Сізге білім басқармасынан ешкім хабарласқан жоқ па қол қойған құжатқа байланысты?» деп сұрады. Мен ешкім хабарласпағанын айтып, не себепті маған хабарласу керектігін сұрадым. Сол уақытта барып, ол кісі Г.Шакенованы директорлыққа ұсыну үшін қамқоршылық кеңес құжатын жалған дайындағанын айтты. Мен де іле-шала мектепке келіп, мәселенің мән-жайын түсініп, тиісті органдарға – прокуратура, сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттікке, әкімге арыздандым. Сонан соң арнайы комиссия келіп, Г.Шакенова орнынан босатылды. Ереже бойынша, директорлыққа кандидат тұлға бүгінгідей даму жоспарымен таныстыру керек еді. Сізге сұрақ: неліктен, сол уақытта осындай жиналыс өткізбедіңіздер? Сонда ешкім де қарсы болмас еді.

Шакенова Г.: Сұрағыңыз орынды. Мемлекеттік бос лауазым конкурсына қатысу менің жеке құқығым деп білемін. Мен өзіме айтылғандарды орындадым, тиісті құжаттарды жинадым, ұсындым. Бірақ директор міндетін атқарушы Суликанова Н.Ж осындай шараны ұйымдастыра алмады, менің бұл жерде ешқандай кінәм жоқ.

Жангелдина Ж.Қ.: Әлеуметтік желіде мектеп ұжымының білім басқармасының басшысына жолдаған хаты жарияланды. Онда сол кездегі мектептегі жағдайды жазған: жалған құжат дайындап, басшы болған сіздің екі апта қызмет еткен уақытта өзінің туыстарын қызметке алып, жақын адамдарын марапатқа ұсынғандығы жазылған.

Ким А.: Әлеуметтік желіде жарияланғандар ол нақты факт болып есептелмейтінін ұмытпайық.

Жангелдина Ж.: Нақты факт па, жоқ па, маған маңызды емес, мен үшін маңыздысы: осы мектепте балам оқиды, оған денсаулық, дұрыс білім, тыныштық керек. Бұл мәселе маған қатысты болғандықтан, өзімнің пікірімді айтуға құқығым бар.

Шакенова Г.: Айтуларыңыз орынды. Адам болғандықтан қате кімде болмайды? Артынан ойланып, осы іске өкіндім. Бірақ конкурсқа қатысу – менің құқығым. Мен өзіме қатысты шараларды жасадым. Әрі қарай құжаттарымды дайындай беремін. Мен бірнеше рет осындай жиналысты жасауды, бетпе-бет кездесу мүмкіндігі болмаса, онлайн түрде Зуммен өткізу туралы ұсынысымды ол кісіге айттым. Бірақ сол кездегі директор міндетін атқарушының осындай шараны өткізу қолынан келмеді. Өзі оған уақытында жауап берді, менің қатысым жоқ.

Акимов С.: Жалған құжат дайындау – менің ойымша заңсыздық деп ойлаймын. Соны біле тұра білім басқармасы неліктен Г.Шакенованың кандидатурасын қайта ұсынып отыр?

Жалғасова Г.М.: Бұл жерде Г.Шакенованың кінәсі жоқ. Кандидат өз бағдарламасын ұсынды.

Акимов С.: Ал кадрлар бөліміне кімді жұмысқа алдыңыз?

Шакенова Г.Қ.: Кадрлар бөліміне мен директорлық қызметке келмей тұрып жұмысқа қабылданды.

Акимов С.: Ал бұйрық бар ма?

Шакенова Г.Қ.: Бұйрық бар шығар. Ол кезде мен басшы болған жоқпын. Оған мен жауап бермеймін. Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселе бойынша соңғы екі сұрағыңыз орынсыз. Инстаграмда жазылған ақпаратқа бола мен жауап бермеймін, ол жерге адамдар сөз бостандығын пайдаланып, жаза береді. Педагог мәртебесі деген заң шықты. Мен отыз жылдық еңбек тәжірибеммен, барлық бедел-мақсатыммен инстаграмда жазылған сөздерге бола менің ар-ожданымға нұқсан келтірмеулеріңізді сұраймын. Ары қарай жұмыстана беріңіздер, мен барлық шешімге де дайынмын.

Нургалиева А.Т.: Бұған дейінгі орын алған жағдайлар кезінде талқыланды. Оған орала берудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Себебі, ол – сол кездегі директордың міндетін атқарушының жіберген үлкен қателігі, ол адам тиісті жазасын алды. Біз бүгін қамқоршылық кеңеске берілген өкілеттілік бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларымыз оқитын мектепке басшы болуға үміткер адамның жоспарымен танысып, талқылауға жиналды. Сондықтан, эмоциямызды көп сыртқа шығармай, үлкен жауапкершілікпен қарауларыңызды сұраймын.

Кеңес мүшелерінің пікірлері тыңдалды.

Жалғасова Г.М.: Гүлсім Қуанышқызының кандидатурасын қолдаймын. Жоспары нақты, айқын. Осыларды жүзеге асыру үшін мүмкіндік беру қажет. Қарсы емеспін.

Нургалиева Л.У.: Өте білікті маман, мен де өте қобалжулымын, себебі мектептің тағдыры шешіледі. Мүмкіндік беруге болады. Қарсы емеспін.

Жангелдина Ж.Қ.: Гүлсім Қуанышқызының өз ісінің шебері екеніне таласым жоқ, бірақ өткен фактілерге байланысты ойымды өзгертпеймін. Мен қарсымын.

Рыспаева М.К.: өткен жағдайда менің қолымды жалған қойғаны үшін, кандидатураны қолдамаймын. Қарсымын.

Акимов С.К.: Мектеп үшін өте алаңдаулымын. Өткен жылдан мектеп өміріне араласып келемін., себебі мұнда ерекше балалар оқиды. Жалған құжат дайындау – сенімсіздік тудырады, сондықтан., Қарсымын.

Ким А.Т.: Қамқоршылық кеңеске 1-рет қатысып отырмын. Осыған дейінгі жағдайдан хабарым жоқ. Кандидаттың даму жоспары ұнады. Осыншама еңбек өтілі бар білікті маманға сенуге болады. Қарсы емеспін, қолдаймын.

Жулмагамбетова Д.С.: Сіздер айтып отырған фактпен мен таныс емеспін, жаңа естіп отырмын, ол туралы нақты ештеңе айта алмаймын. Бірақ Шакенованың кандидатурасын қолдаймын. Себебі, біз ерекше адамдармыз, бізге ерекше көзқарас қажет. Мүмкіндігі шектеулі балалармен 30 жыл жұмыс жасаған адам қалай оқытып-тәрбиелеу керек екенін біледі. Ерекше оқытуды қажет ететін балалармен жұмыс жасау оңай емес, оған үлкен жауапкершілік пен күш-жігер қажет. Сондықтан, екіншісі мұндай мектепке басшылыққа ұмтылмайды. Мен Шакенова Г.Қ. жоспарын қолдап, қарсы емеспін.

Мангурова Г.Н.: кандидаттың жұмыс жоспарымен таныстым. Бірақ, қарсымын, қолдамаймын.

Нургалиева А.Т.: Бүгін мектептің тағдырын шешуге жиналдық. Жан-жақты талқылап, ойымызды ортаға салдық. Осы мектепте екі балам оқиды, балабақшадан келе жатыр. Балаларымыздың болашағы үшін кандидатқа сенемін, мүмкіндік беремін. Қолдаймын.

Дауысқа сала келе:

«Қарсы емеспін» - 5 адам

«Қарсымын» - 4 адам.

Қамқоршылық кеңес шешімі:

«Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені» КММ директорлығына үміткер Шакенова Гүлсім Қуанышқызының кандидатурасын облыстық білім басқармасына ұсынылсын.

Кеңес төрайымы Нургалиева А.Т.

Хатшы Мажикова К.Қ.

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Нургалиева Асель Талгатовна- қамқоршылық кеңестің төрағасы

Мүшелері:

2. Жангельдина Жанна Куанышкереевна

3. Рыспаева Мадина Кахармановна

4. Мангурова Гульшат Набиуллаевна

5. Нургалиева Ляззат Утегеновна

6. Акимов Сырлыбай Кубайдуллович

7. Ким Александр Темурович

8. Жолмагамбетова Даметкен Сапарғалиевна

9. Жалғасова Гулшара Маликовна

Қатыспаған кеңес мүшелері:

1. Утешов Дархан Пангереевич

2. Биржанова Гульвира Собетовна